

**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешимұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Раушан Жәлиқызы

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Раушан Жәлікызы

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Raushan Zhalikyzy

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_32\\_4\\_57-72](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_32_4_57-72)

**ҒТАХР 03.20**

**ТЕРГЕУ ПРОЦЕСТЕРІ:  
«АЛАШ ІСІ» МЕН «АҒАЙЫНДЫ ӘДІЛЕВТЕР ІСІНІҢ» САБАҚТАСТЫҒЫ**

**К.М. Ильясова** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана.

Автор-корреспондент

E-mail: kulpush\_66@mail.ru (Ильясова)

**Аңдатпа.** Мақала 1925 жылғы «Алаш ісі» мен 1929 жылғы «Ағайынды Әділеветер ісінің» өзара сабақтығын көрсетуге арналған. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында Алаш қозғалысының белсенді мүшелері, ақмолалық Байсейіт пен Дінмұхамед Әділеветер жергілікті кеңестік-партиялық биліктің шешімдеріне қарсы шыққан. Сол үшін олар айыпталып, қылмыстық істер қозғалған. Осы ретте Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және зерделеу бойынша Қазақстан Республикасында құрылған Мемлекеттік комиссиялардың бүгінге дейінгі қорытындылары басшылыққа алынды. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарында ғылыми айналымға енген тарихи құжаттар мен 2020 жылғы Мемлекеттік комиссияның құпиясыздандырылған архив құжаттары негізінде сот-тергеу процестеріне талдау жасалады, беймәлім тарихи фактілер анықталады. «Ағайынды Әділеветер ісі» басталған жылы Қазақстандағы контрреволюциялық ұйымдар мен олардың бөлімшелерін айқындайтын карта-схемалар мен ондағы маңызды мәліметтер беріледі. Сондай-ақ, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілері құрған қоғамдық-саяси ұйымдар мен олардың орталықтарының орналасуы мен бөлімшелерінің таралуы көрсетіледі. Архив құжаттарында 1920–1930 жж. Қазақстандағы контрреволюциялық ұйымдардың негізгі ошақтары, атап айтқанда Қазақ орталығы, Орта Азия орталығы және «Тәуелсіз Түркістан» шекаралық орталығы, сонымен бірге олардың Семей, Ташкент, Шымкент, Петропавл, Алматы бөлімшелері, «Тәуелсіз Түркістанның» Берлиндік және Париждік бөлімдері мен соларды басқаратын адамдардың аты-жөндері толық көрсетіледі. Бұдан бөлек бірқатар топтар мен үйірмелер туралы мағлұматтар, атап айтқанда Қазақ орталығынан шығатын партиялық ұйымдардағы оңшыл оппозициялық топ, Қостанай округіндегі байлардың тобы, Ферғанадағы Т. Жанұзақовтың «басмашылар» тобы және ағайынды Әділеветер «бандасы» туралы айтылады. Бастапқы кезде құрылған Мемлекеттік комиссияның жұмысына қатысқан зерттеуші-ғалымдар «Алаш ісі» мен «Ағайынды Әділеветер ісіне» 71 адам тартылды десе, соңғы құпиясыздандырылған архив құжаттары бойынша олардың саны 90 адамға жеткен. Сондай-ақ, 1924 жылғы Орта Азияны ұлттық-территориялық межелеу бойынша Қазақ АКСР-нің құрамына аралас Сырдария мен Жетісу аудандарының кіргені, сол сияқты ұжымдастыру кезінде ағайынды Әділеветер қарсылық көрсеткен Ақмола округіне қарайтын шекаралық Сарысу ауданының (Бетпақдала) Қазақ АКСР-не де, Түркістан АКСР-не кірмей қалғаны айтылады. Архив қорларында ағайынды Әділеветердің наразылық акциясына байланысты Сарысу ауданында «Әділеветер автономиясы» пайда болды» деген құжаттар да кездеседі.

**Түйін сөздер:** саяси қуғын-сүргіндер, кәмпескелеу, Ақмола, Сарысу, наразылық, Байсейіт, Мұқыш, «Алаш ісі», «Ағайынды Әділеветер ісі», ОГПУ, тергеу процесі.

## СЛЕДСТВЕННЫЕ ПРОЦЕССЫ: ВЗАИМОСВЯЗЬ СУДЕБНЫХ ДЕЛ «АЛАШСКОЕ ДЕЛО» И «ДЕЛО БРАТЬЕВ АДИЛЕВЫХ»

**К.М. Ильясова**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан

Корреспондирующий автор

E-mail: kulpash\_66@mail.ru (Ильясова)

**Аннотация.** Статья посвящена анализу взаимосвязи двух судебных дел: «Алашского дела» 1925 года и «Дело братьев Адилевых» 1929 года. Коренные уроженцы Акмолинска, активные деятели движения Алаш братья Байсеит и Динмухамед Адилевы в первые годы советской власти выступили против политических кампаний. За что впоследствии им были предъявлены обвинения и против них были возбуждены уголовные дела. При изучении данных фактов авторы взяли за основу ранее введенные в научный оборот исторические документы и заключение Государственных комиссий по реабилитации жертв политических репрессий, созданных в Республике Казахстан. Наряду с этим, на основе рассекреченных Государственной комиссией в 2020 году архивных документов был проведен анализ судебно-следственных процессов и выявлены неизвестные ранее исторические факты.

Показано, что в 1929 году, когда было начато «Дело братьев Адилевых», составлялись карты-схемы, на которых обозначалось размещение «контрреволюционных организаций» и их подразделений в Казахстане, а также другие важные сведения. В том числе, речь идет об общественно-политических организациях, созданных как представителями Алаш, так и советскими органами. В архивных документах также указаны основные очаги локализации контрреволюционных организаций в Казахстане. В частности, показаны Казахский центр, Среднеазиатский центр и приграничный центр «Тәуелсіз Туркестан», наряду с этим, приводится подробная информация об их отделениях в Семее, Ташкенте, Шымкенте, Петропавловске, Алматы, берлинских и парижских отделах организации «Тәуелсіз Туркестан», а также указаны данные руководителей.

Отдельно приводится информация о целом ряде групп и кружков, в частности, о правой оппозиционной группе в партийных организациях Казахского центра, «группе баев» в Костанайском округе, «басмачей» Т. Жанузакова в Фергане и «банде» братьев Адилевых. Первоначально ученые-исследователи, участвовавшие в работе Государственной комиссии, утверждали, что по «делу братьев Адилевых» был привлечен 71 человек, но по последним рассекреченным архивным документам их число достигло 90 человек. Также в архивных документах показано, что в ходе национально-территориального размежевания Средней Азии в 1924 году, в состав Казахской АССР вошли смешанные Сырдарьинский и Жетысуский районы, при этом пограничный Сарысуский район (Бетпақдала), относящийся к Акмолинскому округу, в котором во время коллективизации оказывали сопротивление братья Адилевы, не был принят ни в состав Казахской АССР, ни в состав Туркестанской АССР. В архивных фондах встречаются сведения, что в период протестного движения братьев Адилевых против политики советской власти в Сарысуском районе формируется «автономия Адилевых».

**Ключевые слова:** политические репрессии, конфискация, Акмола, Сарысу, протест, Байсеит, Муқыш, «Дело Алаш», «Дело братьев Адилевых», ОГПУ, судебно-следственный процесс.

**INVESTIGATORY PROCESSES:  
THE RELATIONSHIP OF “THE ALASH CASE”  
AND “THE CASE OF THE ADILEV BROTHERS”**

**K.M. Ilyassova**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Corresponding author

E-mail: [kulpash\\_66@mail.ru](mailto:kulpash_66@mail.ru) (Ilyassova)

**Abstract.** The article is devoted to analyzing the relationship between two court cases: the Alash case of 1925 and the Adilev brothers' case of 1929. Native-born people of Akmola and active figures of the Alash movement, the brothers Bayseit and Dinmukhamed Adilev opposed political campaigns in the early years of Soviet power. As a result, they were indicted and criminal cases were initiated against them afterwards. While examining these facts, the authors took as a basis of historical documents previously introduced into scientific discourse and the conclusion of the State Commissions for the Rehabilitation of victims of political Repression established in the Republic of Kazakhstan. Alongside, based on the archival documents declassified by the State Commission in 2020, an analysis of judicial and investigative processes had carried out. As a result, formerly unknown historical facts have had revealed.

It revealed that in 1929 when the Case of the Adilev brothers formed, schematic maps were drawn up, which showed the location of 'counterrevolutionary organizations' and their divisions in Kazakhstan and with other crucial details. In addition, it tells about the socio-political organizations created by both representatives of the Alash and Soviet authorities. Archival documents demonstrate the main headquarters of counterrevolutionary organizations in Kazakhstan. In particular, the Kazakh Center, the Central Asian Center, and the border center "Independent Turkestan", as well as their branches in Semey, Tashkent, Shymkent, Petropavlovsk, and Almaty, the Berlin and Paris branches of Independent Turkestan as well as the data of the leaders.

In addition, information about several groups and circles, in particular, the opposition group in the party of the Kazakh Center, a “group of bays” (rich people) in the Kostanay region, a group T. Zhanuzakov's 'basmachi' in Fergana and the “gang” of the Adilev brothers. Initially, researchers who participated in the work of the State Commission claimed that 71 people were involved in “the Adilev brothers” case. Then, according to the latest declassified archival documents, their number reached 90 people. Moreover, archival documents indicate that during the national-territorial demarcation of Central Asia in 1924, the Kazakh ASSR included mixed Syrdarya and Zhetysay districts, while the border Sarysu district (Betpakdala), belonging to the Akmola district, in which the Adilev brothers resisted during collectivization, was not accepted into either Kazakh ASSR, or part of the Turkestan ASSR. There is information in the archives that the “Adilev autonomy” appeared in the Sarysu region during the protest movement of the Adilev brothers.

**Key words:** political repression, confiscation, Akmola, Sarysu, protest, Bayseit, Mukysh, "Alash case", "Adilev brothers' case", OGPU, investigative process.

**Кіріспе.** Бүгінге дейін Алаш қозғалысы және «Алаш ісі» бойынша құжаттар мен материалдар жинақтары, Алашорда тарихынан монографиялар жарық көрді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша 1991–1992 жылдардан басталған Мемлекеттік комиссиялардың жұмыстары да нәтижелерін бере бастады. Айталық, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Заңы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, 1997 жылдың жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп аталуы, 2004 жылы басталған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтары, әртүрлі деңгейдегі ғылыми жобалардың іске асырылуы – соның айғағы. Қазіргі Президентіміздің «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы қаулысына (24.11.2020) сәйкес жасақталған мемкомиссияның республикалық және аймақтық өкілдеріне артылған жүктің салмағы да жеңіл емес.

Қазақ ұлтшылдығынан бастау алатын 1929 жылғы «Ағайынды Әділеветер ісінің» алдыңғы 1925 жылғы «Алаш ісімен» өзара сабақтастығы, қазақтардың алаштық жүйеден кеңестік жүйеге өту кезеңіндегі наразылық акциялары және оған қатысқан әртүрлі санаттағы адамдар мен топтарды анықтау, олардың үстінен қозғалған қылмыстық істерді объективті тұрғыдан зерттеу арқылы бұрын өрескел бұрмаланған тарихи фактілерді қалпына келтіру көзделеді. Ол үшін арнайы архив қорларында сақталған маңызды құжаттарды құпиясыздандыру; Алаш қозғалысынан басталған ағайынды Әділеветерге қатысы мәселелердің қазақ ұлтшылдығымен сабақтастығын айқындау, «Ағайынды Әділеветер ісінің» шығу себептері мен нәтижесін анықтау, ағайынды Әділеветердің өмірбаяны мен тағдырын қолда бар материалдармен көрсету, олар туралы естеліктер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдарды жүйелеу, саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мәліметтердің электронды базасындағы ағайынды Әділеветер туралы ақпараттарды зерттеу, сот-тергеу процестері бойынша ағайынды Әділеветерге қатысты материалдарды тарихи талдау, Байсейіт Әділеветің өліміне қатысты әртүрлі нұсқаларды анықтау, Дінмұхамед Әділеветің сот-тергеу процесіндегі жауаптары мен қосымша көрсетінділеріне талдау жасау арқылы «Алаш ісі» мен «Ағайынды Әділеветер ісінің» өзара сабақтастығын айқындау көзделеді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес жинақтау, жүйелеу, талдау, сараптаумен қатар компаративтік әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс, логикалық ой қорыту, проблемалық, абстрактілік және нақтылық сияқты ғылыми танымның тиімді әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Қазақстан тарихының тәуелсіздік кезеңінде ғылыми айналымға енген құжаттар мен материалдар жинақтары, монографиялар, соңғы зерттеулер, ғылыми мақалалар және соңғы жылдары құпиясыздандырылған архив құжаттары бір жүйеге түсіріліп, құрылымдық және тұжырымдамалық талдау әдісі қолданылды.

**Талқылау.** 1925 жылғы «Алаш ісі» бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының сот-тергеу процесіндегі жауаптары мен көрсетінділерін алғаш рет ғылыми айналымға енгізіп, арнайы зерттеу нысанына алған ғалымдар К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Жұртбай сынды алаштанушылар болды. Олар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, нақтыласақ 1991–1992 жж., одан кейін 1997–1998 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша құрылған Мемлекеттік комиссияның құрамында болған. Сондықтан Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті арнайы мемлекеттік архивінің жабық қорларында зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алған еді. Нәтижесінде 90-жылдардың ортасынан бастап арнайы зерттеулер мен монографиялар шыға бастады.

Сол жылдары тергеу материалдары бойынша алғаш рет жарық көрген академик К. Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегінде қарастырылып отырған мәселеге қатысты Дінмұхамед Әділеветің 1928 жылдың 24 желтоқсанында ОГПУ тергеушілеріне берген жауабы берілген. Онда 1917 жылдың 31 қазанында Ә. Бөкейханның «Алаш» партиясын құру мақсатында Омбыда оқитын 50-60 қазақ жастарымен кездесуі, оның баяндамасынан кейін «Алаш» партиясына жазылу басталып, өзінің партия қатарына кіргені, сондай-ақ Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мүшелігіне сайланғаны туралы мәліметтер берілген (Нұрпейісов, 1995: 145). Бұл небәрі 17 жастағы жас алашшыл рухтағы Д. Әділеветің Алаш қозғалысындағы белсенділігін айғақтайтын фактілер. Басқаша айтқанда, Дінмұхамед Омбыдағы жастар ұйымы арқылы Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мүшесі болған ағасы Байсейіт Әділеветпен бірге қызмет еткен.

Одан кейінгі жылдары Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша құрылған Бірінші және Екінші Мемлекеттік комиссияның қыруар жұмыстарының арқасында 2008 жылы алаштанушы-ғалым М. Қойгелдиев «Алаш ісі» бойынша «Красный террор: Политическая история Казахстана (Сборник документальных материалов политических репрессий 20–50-х годов XX века)» (Қойгелдиев, 2008: 307) және «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов» (Қойгелдиев, 2009: 448) деп аталатын құжаттар мен материалдар жинақтарын баспадан шығарды. Араға жеті жыл салып алаштанушы, профессор Т. Жұртбай «Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами» деп аталатын 3-томдық құжаттар мен материалдар жинақтарын жарыққа шығарды (Жұртбай, 2016 (1,2): 424, 400). Ескеретін жәйт, соңғы жинақтың 1-2 томдарында тергеу көрсетінділері мен жауаптары алынған дерек көздерінің беттері, архив

қорларының атаулары мен жылдары нақты көрсетілмеген. Десек те, ақпараттар алып, басқа да құжаттармен салыстыруға болады.

1925–1929 жж., 1930–1942 жж. тергеу-сот процестері бойынша бүгінге дейін жинақталған құжаттар мен материалдар толық игерілді деп айта алмаймыз. Себебі, Алаш ісіне қатысты барлық көрсетінділер мен жауаптарды жүйелеу, олардың өзара байланысын анықтау, тарихи салыстырмалы талдау жұмыстары әлі де зерттеушілерін күтеді.

Осыдан екі жыл бұрын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша құрылған Үшінші Мемлекеттік комиссия жұмысының негізгі бағыттарының бірі – Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіндердің ерекшеліктерін зерттеу және Қазақстанның территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен жекелеген адамдар мен топтарды, қоғамдық-саяси ұйымдарды, сондай-ақ осы идеялары үшін мемлекеттік бақылау мен қуғын-сүргінге тартылған қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа салалардағы тұлғаларды анықтау болды. Бұл бағытта Астана қаласы бойынша Өңірлік комиссияның құрамы да айтарлықтай жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Ақпараттық-аналитикалық орталығы арнайы архивінің мәліметтеріне сүйенсек, Ақмола облысы мен Ақмола қаласы бойынша 1920-1950 жж. қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны – 6832, соның ішінде Ақмола облысында ақталғаны – 5662, ақталмағаны – 429 адам. Ақмола қаласында ақталғаны – 6216, ақталмағаны – 616 адам (Исахан, 2021: 7). Бұл сандар облыспен салыстырғанда, Ақмола қаласында қуғын-сүргін құрбандары 742 адамға, ал ақталмағандар саны 187 адамға көп екен. Әрине, Өңірлік комиссияның жұмыстары барысын бұл сандар өзгеріп отырады.

Осы ретте жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына таңылған Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасы Қылмыстық Кодексінің 58-бабы мен оның пункттері туралы қысқаша мәлімет бере кетейік. 58-бапты айқындайтын, РКФСР Қылмыстық кодексі 1926 жылдың қарашасында шыққан. 1927 жылдың 1 қаңтарынан 1961 жылдың 1 қаңтарына дейін күшінде болған. Осы баппен айыпталғандар «халық жауы» делінді. Бұл термин 1917 жылдан бастап Ресейдегі режимге қарсыластарға – контрреволюционерлерге байланысты қолданылған. «Антикеңестік қызметі» үшін айыпталған кез-келген адам «осылай аталған. Большевиктер «халық жауы» деген сөз тіркесін Ұлы Француз революциясы қайраткерлерінен алған. Олармен күресте кеңес үкіметіне көмектескен қатардағы азаматтар: 1930 жылдары кеңінен жүзеге асырылған тыңшылық, партия тарапынан ынталандырылып отырған. 58 баптың пункттерін атап айтсақ, мынадай: 58-1 – Отанына сатқындық; 58-2 – қарулы көтеріліс; 58-3 – шетелдермен контрреволюциялық мақсаттағы қарым-қатынас; 58-4 – халықаралық буржуазияға көмек көрсету; 58-5 – соғысқа қатысты шетелдік мемлекеттерге бағыныштылық; 58-6 – шпионаж; 58-7 – зиянкестік; 58-8 – терроризм; 58-9 – диверсиялар; 58-10 – антикеңестік үгіт-насихат; 58-11 – ұйымдасқан контрреволюциялық әрекет (Статья 58, 2021). Қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлердің барлығы дерлік 1920–1950 жж. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының бірнеше пункттерімен негізсіз сотталған.

Қазақ халқының азаттығы мен ұланғайыр жеріміздің тұтастығы үшін күрескен жекелеген адамдар мен топтарды, қоғамдық-саяси ұйымдарды анықтау барысында Ақмола өңірінен шыққан «ағайынды Әділдер» тобын бөліп қарастырдық. Олар 1920-1930 жж. саяси науқандарға қарсы шығып, әсіресе кәмпескелеу кезінде мал-мүлкін кеңес үкіметіне беруден бас тартқан. Бір атадан тараған руластар бірігіп, ағайынды Байсейіт пен Дінмұхамедтің (ол Дінше, ол Мұқыш) төңірегіне топтасқан. Ағайынды жігіттер қол қусырып отырмаған, шамаларына қарай әділетсіздікпен күрескен. Тіпті, жағалбайлылар Арқадан асып, үйір-үйір жылқыларын айдап, көрші аймаққа көшуге мәжбүр болған. Ағайындылардың ішінде көзі ашық, көкірегі ояу, сауаттылары Байсейіт пен Дінмұхамед болған. Байсейіттің інісі Дінмұхамедтің оқуына ықпал еткен. Ал, 11-13 жасар Діншенің тағдырына тікелей ықпалды болған кісілердің бірі – М. Дулатов екен. Ол тергеудегі бір көрсетуінде, Діншені 1913 жылдан бері білетінін, онымен Ақмолаға «Қазақ» газетін тарату үшін барғанда кездескенін, оның кездейсоқ пәтеріне келіп жолыққанын, сол кезде орта оқу орнына түсіп оқы деп кеңес беріп, Дінмұхамедті Омбыға оқуға жіберуге әке-шешесінің келісімін алып бергенін, сөйтіп Діншенің Омбыда 1917 ж. дейін оқығанын, онымен байланысын үзбей, материалдық жағынан да көмектесіп тұрғанын, өйткені оның стипендияға ілінбей қалғанын, Орынборда болғанда жүздесіп тұрғанын, оның жақсы оқығанын айтады (Қойгелдиев, 2017 (2): 374-375).



Ақмола өңірінен шыққан тағы бір алашордашы Х. Болғанбаевтың 1929 ж. 12 қаңтарда тергеушіге берген жауабында Д. Әділевтің 1919 ж. жазында Ташкентке келгенін, оны бұрыннан Омбыда гимназияда оқып жүрген кезінен танитынын айта келіп, «бұл 1916 жыл еді. Д. Әділев маған тоқтады. Ол Колчактан қашып, Сібірден келді. Мен сол кезде, ұстанымының ұлтшыл болғанын жақсы түсіндім» деп жазды (Қойгелдиев, Полулях, Тлеубаев, 2008: 63).

Ағайынды Әділеветер туралы бүгінге дейін жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар біраз дүниелер жазылды, айтылды. Ел аузында сақталған ауызша деректерге сүйенсек, Әділеветердің арғы аталары Сарысу бойын жайлаған Кіші жүздің Жетіруына кіретін жағалбайлылар екен. Ағайынды Әділеветердің атасы Мыңжасар батыр болған. Кенесары мен Наурызбай қозғалысына қатысқан. Кенесарының Ұлытаудағы бір жиынынан бас тартыпты. Сөйтіп Ақмола дуанын қорғауға аттанған Кейкіл бидің он баласының ішінде атқа қонған жалғыз қызы Мөлдірмен шайқасқан. Кейін Мыңжасар батыр осы шайқаста жеңіліс тапқан Мөлдірмен бас қосады. Кенесары, Наурызбай Кейкіл биге құда түсіп, Мыңжасар батырға Мөлдір сұлуды алып береді. Осы Мөлдірден Әділ, Ақкүшік туады. Соңында қалған Әділден ұрпақ бар да, Ақкүшіктен ұрпақ жоқ екен. Мөлдірге Бестау деген жерден топырақ бұйырған. Ал Мыңжасар батыр Балқаштың жағасындағы Мыңарал төңірегіндегі бір шайқаста мерт болған. Сүйегі сол қаны төгілген жерге қойылады (Сейдімбек, 2017: 307-308).

Мыңжасар батырдың артында қалған жалғыз тұяғы Әділден алты-жеті ағайынды тарайды. Архив құжаттарында ағайынды Әділеветерден бесеуінің ғана аты-жөні аталады. Олардың алтыншысы да бар, оның есімі – Жолдасбай. Алайда Әділеветердің бүгінгі ұрпақтарынан қалған Мейрам апайдың (Асқар Әділевтің қызы) естелігінде олардың жеті ағайынды болғаны айтылады, қалғандары бір рудан тарайтын жақын туыстары екен. Мейрам апайдың ауызша деректері бойынша, оның әкесі Асқар Әділев 1970 жылы 66 жасында қайтыс болған. Ол қуғын-сүргіннен кейін тегін Мыңжасар (-ов) деп өзгертіп алған. 1928 жылы Дінмұхамедпен (Дінше) бірге ұсталғанда, 24 жаста екен, түрмеден қашып шыққан. Өткен өмірі туралы ешкімге жақ ашпай кеткен, тіпті ашылып сөйлемепті де, тек 1957 жылы Діншенің ақталғаны туралы қағаз алғаннан кейін ғана, көңілі тыныштанғандай болыпты. Алайда, соғыстан кейін Жамбыл облысынан Қызылжар станциясына көшіп келгеннен кейін де Асқар Мыңжасаровты (Әділев) милиция күн демей, түн демей талай рет тергеуге алған. Әйтеуір түрмеге қамалудан, жер айдалудан аман қалғанына шүкіршілік етіп, жұбайы екеуі бар ғұмырын бір үміт, бір күдікпен өткізіпті (Жұмағұл: 2018, 320-322).

Айналымдағы құжаттар мен материалдар бойынша Асқар Әділев 24 жаста, қазақ, орташа, партияда жоқ, адам өлтіргені үшін тергеуге алынған. Өзінің ағалары Байсейіт пен Дінмұхамедпен бірге кеңес өкіметіне қарсы қарулы қақтығыс ұйымдастыруға қатысқан. Байсейіт пен Дінмұхамед қазақтардың басын қосып, оның ішінде байлардың мүліктерін тәркілеуге жататын кедейлер де бар, сол жиында олар байларға экспедицияға қарсы қаруы бар адамдарды жинап беру туралы өтініш жасаған. Бұл жиынға Асқар мен Әбуәли де қатысқан. Ал, 39 жастағы Әбуәли Әділев, 37 жастағы Әбубәкір Әділев партияда қатарында болмаған. Кәмпескелеу науқанына қарсы қарулы қақтығыс ұйымдастыруға қатысқаны үшін айыпталған. (Жұртбай, 2016: 71,73). Әбуәли Әулиеатада тұтұындалған. Әбубәкір денсаулығына байланысты қолхатпен босатылған (ҚР ҰҚК АА. 9-к., 1-т., 305-іс, 375-п.). 1928 ж. 31 желтоқсан күні рәсімделген тергеу құжаттарында «Ағайынды Әділеветер ісіне» 13 адам тартылған. Ал 1929 жылғы тізімде 17 адамның аты-жөні көрсетілген (ҚР ҰҚК АА. 9-к., 1-т., 307-іс, 45-п.).

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында Әділдің үлкен ұлы Байсейіт туралы көп мағлұмат береді. Бұл кімнің большевиктер жағында, кімнің меньшевиктер жағында, кімнің ақгвардияшылар жағында, кімнің алашордашылар жағында, кімнің кедейлер жағында екені белгісіз аласапыран кезеңі болатын. Осы уақытта Ақмола өңірінде саяси белсенділік танытқан Байсейіт пен Сәкен түрмеге бірге қамалады. Сол кезде әкесі Әділдің түрмеге келіп-кетіп жүретіні, өкінішітісі Байсейіттің түрмеден қашып, бостандыққа шыққанын көре алмай, қайтыс болып кеткені туралы жазады (Сейфуллин, 1960: 182). Қоса кетейік, Байсейіт бұған дейін де өңірдің саяси өміріне араласқан. Мысалы, 1917 жылғы сәуір-мамыр айында өткен Ақмола облыстық съезінің шешімімен Ақмола облысының ісін басқаратын комитетке сайланған 10 адамның ішінде болған (Илиясова, 2007: 199)

Ағайынды Әділевертерге қарсы айыптау, мақсатты тергеу амалдары 1921–1922 жылдары басталған. Бұл большевиктер билігінің күшейіп, орныға бастаған кезі еді. Большевиктер партиясы ағайынды Әділевертерге қатысты шым-шытырық оқиғалардың түп-тамырын Қазақ ұлтшылдығымен байланыстырды, оларды кеңестік билікке қарсы рулық, саяси топ ретінде айыптады.

Азаттық пен тәуелсіздік жолындағы Қазақ ұлтшылдарын жаппай тергеуден басталған саяси қуғын-сүргін саясаты, «Алаш ісі», «Ағайынды Әділевер ісі» сияқты аты шулы қылмыстық істерді қозғаумен және негізсіз жазалаумен аяқталады. 1920–1930 жж. жаппай саяси қуғын-сүргін мұнымен тоқтамайды, «қызыл империя» дағдарысқа ұшырағанға дейін жалғасады. «Алаш» сөзінің синонимі «Қазақ» десек, жетпіс жылдық тарихы бар кеңестік дәуірде саяси қуғын-сүргін саясаты үздіксіз жаңғыртылып отырған. Оған алашордашыларға қатысты 1925 жылғы «Алаш ісі» мен желтоқсаншыларға қатысты 1986 жылғы «Қазақ ісі» нақты айғақ. Осы ретте қоса кетейік, Ақмола өңірі бойынша қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ ұлтшылдығы, кәмпескелеу, ет-астық өнімдерін дайындау науқаны кезінде «Әбубәкіров ісі» (1922 ж.), «Ағайынды Әділевер ісі» (1928 ж.), «Азат ісі» (1929 ж.) сияқты істер қозғалып, тергеу-сот процестері жүргізілген. Ескеретін жәйт, бұл істердің барлығы дерлік «Алаш ісімен» байланыстырылады. Басқаша айтқанда, 1920–1950 жж. кеңестік-партиялық билікке қарсы пайда болған кез-келген оппозициялық топтар (рулық, саяси, мәдени-ағартушылық, діни, ғылыми) Әлихан Бөкейхан бастаған алашордашылардың ықпалымен әрекет етеді, алаш идеясымен қаруланған дегенге саяды. Қазақ зиялыларын жаппай тергеу кезінде алынған өте ауқымды, том-том жауаптар мен көрсетінділер кейінірек, тыңғылықты ізденіс жұмыстарына ерте араласқан алаштанушы-ғалымдар К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев және т.б. кәсіби тарихшылардың зерттеулері мен монографияларына негіз болды.

«Ағайынды Әділевер ісі» бойынша мол мәліметтерді тарихшы-ғалым Б. Қойшыбаев береді. Оның зерттеулерінде «Мәскеудегі Біріккен мемлекеттік саяси бас басқарма (ОГПУ) бүгінде «Алаш ісі» деп аталатын № 78754 іс бойынша шығарған Айыптау қорытындысымен 44 адам жауапқа тартылған. Олардың мынандай «контрреволюциялық қызметтері» дәлелденді деп тұжырымдалған: біріншіден, 1921–1922 жж. астыртын ұйым құрған, кейіннен, сол ұйымға жататын белгілері бойынша олар өзара қарым-қатынаста болып, антисоветтік қызметтер жүргізген; екіншіден, шекара сыртында жүрген Зәки Валидовпен байланыс орнатқан, үшіншіден, антисоветтік күштер даярлау (жастардың басын айналдыру, «Алқа» үйірмесін құру, байлармен байланыс орнату, т.б.) жұмыстарын жасаған; төртіншіден, совет өкіметін құлату мақсатымен қарулы көтеріліс жасауға әзірленген. Тергеу материалдарында қамалғандардың осы төрт тармақ бойынша айыптылықтары көрсетіліп, «дәлелденген» (Қойшыбаев, 2017).

Сол айыптау қорытындысында «Әділов бандасы» деп аталған тарау бар. Онда «алашордашылардың» басқарушы тобы Әділовтің алыс Сарысу ауданында жатқан бандасына да үлкен міндеттер артты» делінген. «Банданың» басында «...саяси қауіпті және қылмыс жасаған қылмыскер төртеу – Байсейіт, Мұқыш, Асқар және Әбуәлі Әділовтер» тұрған екен. Олар «тәркілеуге қарулы қарсылық көрсету үшін Сарысу ауданындағы барлық бандиттік элементтерді өздерінің маңына топтастырған». «1928 жылдың жазында олар жекелеген шайқалардың бастықтары Кеншімов Мәдібек, Тоқманбаев Бақай және Әбдікеев Битімбаймен жиналыс өткізді». Бұлардың бәрі Байсейіт және Мұқыш Әділовтермен бірге «1922 жылы милиционерлер жасағын қарусыздандыруға және жасақ бастығы Әбубәкіровты атуға қатысқан» деп көрсетілген. Алайда 1928 жылғы тәркілеу науқанына (конфискацияға) қайсысының және жалпы «банданың» нақты қандай қарсылық көрсеткендері айтылмайды (Қойшыбаев, 2017).

Осы мәселе бойынша Ақмола Уездаралық Төтенше Өкілетті Комиссияның бұрынғы мүшесі Сафар Мустафин 1923 жылдың 26 наурызында жазған баяндамасында тың ақпараттар береді. Айталық, 1921–1922 жж. Ақмола мен Қарқаралы уезінің шекаралық аумағында жаппай тәртіпсіздіктер орын алған. Оған мал өнімдері мен азық-түлік салығынан жалтарған болыстарға барып, тұрғындардың мал-мүлкін талан-таражға салып, қысым көрсеткен аға милиционер Дорошенко түрткі болған. Тіпті, жазықсыз 15 адамды атқан, көптеген қылмыстық әрекеттер жасаған. Дорошенко Ақмола уезінің оңтүстігіндегі тұрғындар үшін зорлық-зомбылық пен қанаудың қасіретті бейнесін көрсетті. Міне, кеңестік биліктің Ақмола уезінің оңтүстігіне ұсынған адамы. Оның қандай адам екенін бүкіл ақмолалықтар білуі керек. Егер ол бостандықта жүріп, тағы да

қимыл жасайтын болса, онда Ақмола облысының бүкіл шеткергі оңтүстігі ТүркРеспубликасы аумағына кетеді де, тұрғындары әртүрлі тонаушылық, барымта, мәжбүрлі қашу және т.б. әрекеттерге баруы мүмкін.

Осыған байланысты Ақмола губерниялық атқару комитетінің телеграфтық № 633 және 3700 өкіміне сәйкес көрсетілген Уездаралық Комиссия құрылады. Дорошенконың қылмыстық әрекеттерін тергеу үшін, Ақмола мен Қарқаралы уездерінен қашқан тұрғындардың арасындағы жағдайды реттеу үшін, жылқы ұрлауға жол бермеу, сондай-ақ азық-түлік салығынан бас тартқандар үшін Басқарманың губерниялық бөлімінің 1922 ж. 6 тамызындағы № 89-59 телеграммасына сәйкес Ақмола уезінің азаматтарын қоныс аударуға Әулиеата уезінің аумағына жібермеу туралы, Ақмола уездік атқару комитетінің 1922 ж. 9 қыргүйегіндегі № 32 бұйрығы болды және Дорошенко отрядының барлық бассыздықтары үшін оны ұстау туралы, Петропавлдан жолданған № 4720 телеграммасы болды (ҚР ОМА. Р-1215. 1-т., 19-іс. 100 п).

Уездаралық Комиссияның төрағасы болып Ғалым Әбубәкіров тағайындалады. Дорошенко 1922 жылдың желтоқсан айында ұсталады. Ал, кезінде Дорошенконың қысымына қарсы шығып, мал-мүлкін сақтап қалуға тырысқан ақмолалықтар, ағайынды Байсейіт пен Дінмұхамед Әділевертер, Қуан Байжанов және Сәрсембек Ысқақов Ақмола уезінен Түркістан өлкесіне қарай қонысаударушыларға байланысты құпия мәжіліс өткізеді. Ол үшін әр болыстан 80 қой жинау тапсырылады. Алайда, оған Уездаралық Комиссия төрағасы Ғ. Әбубәкіров жол бермейді. Ақырында екі жақ қақтығысып қалады. Алдымен Ғ. Әбубәкіров пен оның милиционері Ш. Жолдасбаев ұсталып, Ұланбел деген жерде өлтіріледі (ҚР ОМА. Р-1215. 1-т., 19-іс, 100-п).

Бұл баяндама жазылған жылы Дінмұхамед Әділев ТүркРеспубликасына қашқан 9 болыстың қонысаудару мәселесін шешу өтінішімен Ташкент қаласына кеткен, ал Байсейіт Әділев пен Қуан Байжанов Әулиеата уезінің Талас өзені маңындағы Ошақты болысында бірге болған, Сәрсембек Ысқақов та сол уездің Қашеней болысында орналасқан. Ал Уездаралық комиссияның құрамындағы 16 милиционер алба-жұлба күйінде, қаражаттың болмауынан Әулиеата қаласынан Ақмолаға жете алмай сандалып қалған (ҚР ОМА. Р-1215. 1-т., 19-іс, 100-101-пп). Ғылыми айналымға түскен құжаттар мен материалдарда ағайынды Байсейіт пен Дінмұхамед Әділевлің 1922 жылғы «Әбубәкіров ісі» қатысы туралы айтылады.

Бұл мәселе тергеу кезінде Діншеге бірнеше мәрте ара түскен М. Дулатовтың жауаптарында да кездеседі. Ол заң орындары Дінмұхамедті «Қараноғай оқиғасына» байланысты әділетсіз қудалауға алғандығын, оның басқа қылмыс жасамағандығын, оны бала кезінен білетіндігін және адам ретінде жақсы көретіндігін айтады (Қойгелдиев, 2017 (2): 375). Расында, тергеу процестері кезінде 1900 жылғы Дінмұхамед басқа Алаш зиялыларымен салыстырғанда, жастау болған. Сол себепті, оның бойында жастыққа тән қызбалық, шыдамсыздық, асығыстық сияқты қасиеттері болуы мүмкін. Мұны Алашорданың батыс бөлімінің көрнекті өкілі, оралдық Кәрім Жәленовтің 1929 жылдың 27 мамырында тергеушіге берген жауаптарынан да байқауға болады. Ол Сұлтанбек Қожановтың «Дінше өте қабілетті қызметкер, бірақ ол әлі жас, ақымақтық жасауы мүмкін» деп, оны Институтқа оқытушылыққа орналастырып, бақылап отыру керек» деген сөздерін келтіреді (Жұртбай, 2016 (1): 375).

Ағайынды Әділевертерге қатысты тағы бір дерек, 1923 ж. 10 қарашасында жазылған Ақмола губерниясының жағдайы туралы қорытындыда, Ақмола уезінің оңтүстік аудандарында бандитизм күшейген. Байсейіт Әділев деген біреу 500 адамнан тұратын автономды отряд құрып алған; олар винтовкалармен және оқ-дәрілермен жақсы қаруланған; олар малды айдап әкету үшін жақын маңдағы елді-мекендерге жорықтар жасайды. Әділевер тобы (шайка) Ақмола қаласынан 800 шақырымдағы оңтүстік-шығысқа қарай Тарақты деген жерге келген (СҚ МА. 1-к., 1-т., 373-іс, 265-п.). Арнайы архив қорларында сақталған 1920-1930 жж. қазақ байларын кәмпескелеу кезінде пайда болған антикеңестік бас көтерулерге қатысты «бандитизм», «қарулы топ», «бандашайка», «топтық құрылым», «топтық қарсылық» және т.б. терминдерді көп қолданған.

**Нәтижелері.** Академик М. Қойгелдиев тергеу-сот процестерінің материалдарын былайша бөліп қарастырады: 1925–1926 жж. Жүсіпбек Аймауытовтың соты; 1927–1930 жж. Алаш зиялыларына қатысты алғашқы толқын сот процесі; 1930–1932 жж. екінші толқын сот процесі; 1933 ж. және 1937–1938 жж. сот процестері. Солардың ішінде 1928 жылдың аяғында Қызылордада

тұтқындалған Д. Әділевтің тергеушілерге берген сенімсіз, қарама-қайшылықты, бір сөзбен айтқанда қисынсыз жауаптары туралы, тіпті оның дәйектелмеген жауаптары Алаш қозғалысы белсенділері мен жетекшілерін түрмеге қамау үшін негіз болғаны» туралы да жазылған (Алаш қозғалысы, 2007: 15). Д. Әділевтің тергеушілерге берген жауаптарын Т. Жұртбай еңбегінде кеңінен талқылады. Зерттеуші Д. Әділевтің «шалықтау» ауруына ұшырап, мүлдем қисынсыз жауаптар бергенін әртүрлі мәліметтерді салыстыра отырып, дәлелдеп шықты (Мұсағалиева, 2012: 80). Ғылыми ортада Дінмұхамед Әділевке қатысты осы сарындас ұстанымдар байқалады. Бірақ, оған келісе қою қиын. Өйткені, кейінгі оқиғалар көрсеткендей, «қылмысын» мойындатуға мәжбүрлеген басқа адамдарды айтпағанда, большевиктік ұстанымдағы Сәкен Сейфуллин сияқты Дінмұхамед те, өзімен бірге қызметтес болған Алаш зиялыларының аты-жөндерін толық атап берген. Бірі 1927-1930 жж. тергеу процестері кезінде жазылған хаттамаларда, екіншісі 1927 ж. Қызылорда қаласында араб әрпімен басылған «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында көрсеткен (Сейфуллин, 1960: 5). Қоса кетерлігі, Дінмұхамед те, Сәкен де, тіпті Байсейіт те өздерінің қоғамдық-саяси қызметін кеңестік жүйеде бірге жалғастырған. Мұны ОГПУ тергеушілерінің бастапқыда аталған қазақ зиялыларына «жұмсақ күш» әдісін қолдануының бір факторы ретінде қарастыруға болады.

Құпия архив құжаттарымен көп жылдар бойы зерттеу жұмысын жасаған М. Қойгелдиевтің пайымдауынша, Д. Әділевтен алынған қажетті көрсетулерден кейін тергеушілер айыптаудың сипатын түбегейлі өзгертіп жіберген (Қойгелдиев, 2009: 343-344).

Сот-тергеуге тартылған 44 адамның үстінен қозғалған ісі екі кезеңнен тұрған. Біріншісі, Қызылорда мен Алматыда болған тергеу процесі 1928 жылдың қазаны мен 1929 жылдың шілде аралығын қамтыған. Таңқаларлығы, 1929 жылдың шілдесінде Д. Әділевтен басқасы, яғни тергеудегі 48 адам қатаңдатылған күзетпен Бутырка түрмесіне жіберіледі. Іліспе хатта «Айыпталушы Д. Әділевтің жауаптарын толық деп есептейміз, сондықтан оны жібермейміз» депті. Бұл әрекетімен ұйымдастырушылар тергеу істерін Мәскеуге өткізу арқылы соттық талқылаулардың объективті түрде жүргізіліп жатқанын көрсетуге тырысқан. Алайда сот процесі Алматыда да, Мәскеуде де саяси сипат алғаны айқын көрінді.

1930 жылғы 4 сәуірдегі ОГПУ Алқасының шешімі бойынша айыпталушы 44 адамның 13-іне ату жазасы, 7-уіне жоғары жазаны 10 жылға концлагерьге ауыстыруға, 15-не 3 жылдан 5 жылға дейін жазасы берілді. 2-уі тергеу барысында қаза болған (Қойгелдиев, 2009: 345). Осы ретте ескеретін жәйт, қазіргі кезде ғылыми ортада «Алаш ісі» бойынша тергеу процестерінде, салыстырмалы түрде ең көп жауаптар мен көрсетінділерді Д. Әділев берген деген болжам бар.

Кеңестік саяси қуғын-сүргіндер туралы айтылған кезде, адамның санаға ұялайтын басты ұғым – ұлтшылдық. Астана қаласындағы ҚР ҰҚК арнайы мемлекеттік архивінде сақталған Қазақ контрреволюциялық ұлтшылдығы туралы құжаттарда оның төрт кезеңі көрсетілген: 1-кезеңі - 1916-1920 жж.; 2-кезеңі – 1920-1928 жж.; 3-кезеңі – 1928-1932 жж.; 4-кезеңі – 1932 – 1938 жж. (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 305-іс, 18-п.).

Бұл кезеңдер Әлихан Бөкейхан бастаған Қазақ ұлтшылдығының патшалық, алаштық және кеңестік жүйелердегі өзара сабақтастығын және бұл процестің 1937–1938 жж. жаппай саяси қуғын-сүргінге дейін үзіліссіз жүргенін айқындайды. Аталған архив қорларынан «Қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық ұйымдарының кестесі (1929 ж.)» табылды (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 307-іс, 15-п.). Онда Қазақстандағы контрреволюциялық ұйымдардың ірі-ірі 3 орталығы көрсетілген. Олар: 1) Қазақ орталығы (Семей, Ташкент, Шымкент, Петропавл, Алматы бөлімшелері), жетекшісі Әлихан Бөкейхан болған; 2) Орта Азия орталығы (жетекшілері З.В. Тоған, Х. Болғанбаев, Д. Ахметов); 3) «Тәуелсіз Түркістан» шекаралық орталығы. Сондай-ақ, соңғысының 2 бөлімі: «Тәуелсіз Түркістанның» берлиндік (Ғ. Бірімжанов, Д. Битілеуов), «Тәуелсіз Түркістанның» париждік бөлімі (М. Шоқай) көрсетілген. Орта Азия орталығын Қазақ орталығымен З.В. Тоған байланыстырып отырған.

Бұл кестеден бірқатар топтар мен үйірмелер туралы да ақпарат алуға болады. Атап айтқанда, Қазақ орталығынан шығатын партиялық ұйымдардағы оңшыл оппозициялық топ (Байділдин, Қожанов, Сәдуақасов), Қостанай округіндегі байлардың тобы (А. Дулатов, Е. Есболов, барлығы – 12 адам), Т. Жанұзақов бастаған «басмашылар» тобы және Әділевтер «бандасы» (Д. Әділев). Кестеде көрсетілген Әділевтер тобында – 16 адам тіркелген. Олар:

Байсейіт Әділев, Дінмұхамед Әділев, Асқар Әділев, Әбуәли Әділев, Әбубәкір Әділев, Ағабек Байдуллаев, Мұхамедияр Арғынбаев, Артықбай Алин, Әкбар Ибраев, Нұрлан Кәрібаев, Бақай Тоқманбаев, Мадыбек Кеншімов, Бітімбай Әбдікеев, Ерке Майлиев, Піттібай Әбдікеев, Мұқанов, Бажан Бектұрсынов (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 307-іс, 15-п.). Бұл тізімге Байсейіт Әділевті қосатын болсақ, барлығы 17 адам болады. Алайда кестенің 1929 жылы жасалғандықтан, Байсейіттің енбей қалуы заңды, себебі ол 1928 жылдың желтоқсан айының соңында атылып кеткен. Оның өлімі туралы архив материалдарында әртүрлі жазылады, бір тобы Байсейіт Әділев өзін-өзі атты десе, енді бір тобы атыс-шабыс кезінде атылған дейді. Біздіңше, екінші пайымдау шындыққа жақындайды.

Байсейіттің інісі Дінмұхамедтің Орта Азия орталығына тікелей қатысы болған. Ол З.В. Тоғанның тапсырмасы бойынша Ферғана маңындағы Т. Жанұзақовтың басмашыларына барған. Алайда олар қызылдардың шабуылынан тарап кетеді де, Дінше Ташкентке қайтып оралады. Бірақ, өзінің З.В. Тоғанмен арадағы келіссөз қорытындысын А. Байтұрсыновқа да, басқа адамдарға да айтпайды (Жұртбай: 2005, 153).

Кестедегі үйірмелер туралы мәліметтер де қызықты. Бас жағында М. Жұмабаев бастаған «Алқа» үйірмесі, одан кейін Орынбор (А. Байтұрсынов), Ташкент (Ж. Аймауытов), Семей (С. Дөнентаев) және Ленинград (М. Әуезов) үйірмелері көрсетілген (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 307-іс, 15-п.). Осы ретте қоса кетейік, кезінде Омбы қаласында құрылған жастардың «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы үлгісімен басқа да аймақтарда 20-ға жуық ұйымдар пайда болған. Атап айтқанда, Орынборда «Еркін Дала» (жетекшісі Жанұзақ Жәнібеков), Семейде «Жанар» (Мінән Тұрғамбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов), Петропавлда «Талап» (Біләл Молдыбаев), Көкшетауда «Оқығандар» (Сәбит Айтхожин), Ақмолада «Жас қазақ» (Дінмұхамед Әділев, Сәкен Сейфуллин, Абдулла Асылбеков және т.б.), Атбасарда «Ынтымақ» (Бірмұхамед Айбасов, Шермұхамед Темірбеков және т.б.), Торғайда «Қамқор» (молда Бейіс Мыңбаев, хатшы Жүсіп Темірбеков). Сонымен қатар осы кезеңде осыған ұқсас Орынборда «Игілік», Семейде «Оқытушылар ұйымы», Семей облысының бұрынғы Шыңғыстау қазіргі Абай ауданында «Талап», Троицкіде «Үміт», Оралда «Жас қазақ», Батыс Қазақстан облысының Орда қаласында «Жастар ұйымшысы», Павлодара «Ғылым», және «Қызмет», Павлодар облысының Екібастұз поселкесінде «Ұйым», Баянауылда «Ерік», Спасскіде «Жас жүрек», «Зайсан қаласында «Қазақ жәрдемі», Ақтөбеде «Жас тілек» ұйымдары пайда болады. Бұл ұйымдардың жетекшілері мен рухтандырушылары «Алаш» партиясы құрылған алғашқы күннен бастап оның құрамына кіріп, Алаш идеясын іске асыратын өздерінің жас-алаш ұйымдарын құрады. Жас-алаш ұйымдарының үйлестіруші орталығы «Бірлік» ұйымы болды (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 81-іс, 27-п.). Бұл жерде де Ақмола қаласында құрылған «Жас Қазақ» ұйымында Сәкен мен Дінмұхамед бірге жүрген.

1928 жылы басталған қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеуге қарсы шыққан ағайынды Әділевтер, осы жылдың аяғына қарай Ақмоланың солтүстігіне қарай 300 шақырым және Қарсақпайдың оңтүстігіне қарай 150 шақырым жерде орналасқан Сырдария округіне қарасты Сарысу ауданына қарай бет алады. (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 451-іс, 14-п.). Ақмола уезінен үдере көшкен руластардың басында ағайынды Байсейіт пен Дінмұхамед тұрды.

Өткен ғасырдың 20-жылдары Ақмола уезіне қараған 48 қазақ болыстары, соның ішінде 7 болыс тама руынан, 2 болыс Тарақты руынан құралған екен. Олар үш жыл бойы Ақмола облысынан Сырдария облысының Әулиеата уезіне қоныс аударуға тырысқан. Сондағы мақсаты Дорошенко сияқты жергілікті кеңестік билік өкілдерінің 1921–1922 жж. басталған заңсыз әрекеттері мен толып жатқан мемлекеттік салықтарды төлеуден құтылу болған (ҚР ОМА. Р-1215-қ., 1-т., 19-іс, 100-п.).

Осы уақытқа сәйкес келетін мәжбүрлі қоныс аударудан кейін Арқада өсіп-өнген ағайынды Әділевтердің талайлы тағдыры Ақмола округі емес, Сырдария округімен тығыз байланыста қарастырылады. Осылайша, 1928 жылдың аяғында Сарысу өзенінің бойымен Шу өңіріне жылжыған ағайынды Әділевтер малдарын жасырып, бой тасалауға ыңғайлы, таулы аймаққа бекінеді. Бұл - бір. Екінші жағынан, Ақмола мен Сырдария округтерінің аталған шекаралық аумағы арқылы Ақмоладағы кеңестік биліктің қысымынан қашып құтылғандай болады.

Айта кетейік, шекаралық Сарысу ауданы географиялық орналасуы жағынан солтүстікте Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстарымен, оңтүстікте Алматы, Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облыстарымен, шығыста Семей облысымен, ал батыста Ақтөбе облысымен шектесіп жатқан геоэкономикалық ахуалы ерекше аймақ болды. Олай дейтініміз, Қазақ АКСР-нің Сырдария мен Жетісу аудандары сияқты Ақмола округіне қараған Сарысу ауданы (Бетпақдала) да аралас шекаралық аудандар қатарына кірген. Ағайынды Әділеветердің қарсылығы күшейіп тұрған кезде, осы шекаралық аймақтың Қазақ АКСР-не де, Түркістан АКСР-не кірмей қалған бөлігінде «Әділеветер автономиясы» пайда болды» деген құжаттар да кездеседі (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 307-іс, 248-п.).

Кәмпескелеу кезінде 1928–1930 жж. Ақмола округіне 15 аудан қараған, оның 8-і – қазақ, 6-уі – орыс, 1-уі – аралас аудан болған. Қазақ аудандары: Ақмола, Азат, Еркіншілік, Қорғалжын, Нұра, Қарағанды, Асан-Қайғы, Атбасар. Солардың ішінде Ақмолада 40 332 адам тұрған, орталығы – Ақмола қаласы, Ақмола ауданы 19 әкімшілік ауылдарға бөлінген. Халқы мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан. Ақмола округіндегі аудандар негізінен, халықтардың қоныстануы мен шаруашылық интеграциясына байланысты орыс және қазақ аудандары болып бөлінген (Астана қ. МА, 122-қ., 1-т., 36-іс, 16-23-пп.).

Архив құжаттарында ағайынды Әділеветердің үлкені Байсейіттің қызметі кеңестік кезеңнен, яғни оның «1921 жылға дейін БКП (б) құрамында болып, бірқатар жауапты кеңестік қызметтер атқарған» уақытынан басталады. Одан кейін «1921–1922 жж. Ақмола губерниясына қарасты Сарысу мен Шу аудандарында 50 адамдық қарулық әскермен іс-қимыл жасағаны, халықты қорқытып зорлық-зомбылық, атыс-шабыс жасағаны, Байсейіт Ақмола әскерін жою Әбубәкіров (Ғалым) пен оның жақын серіктесі Шаланың (Жолдасбаев) әскеріне қарсы шығып, оны және аудандық милицияның бастығын атқаны, жергілікті билік өкілдерінен қысым көрген Әділев Ақмоладан Әулиеата ауданына кетуге мәжбүр болғаны, осында өзінің жақын ағайындарынан құралған топқа қосылып, саяси қуғын-сүргіннен бас сауғалап, жасырынып жүргені, 1926 жылы Б. Әділеветің іздестіріліп, тұтқынға алынғаны, 1927 жылы босатылғаны және оның әртүрлі қылмыстары үшін қозғалған ісі сот-тергеу органдарында біраз уақыт қаралмай жатқаны», сондай-ақ Байсейіттің інісі Мұқыш Әділеветің БКП (б)-ның бұрынғы мүшесі болғаны, Түрк Республикасында әртүрлі кеңестік қызметтер жасағаны, 1925 ж. Қызылордада жұмыс істеп жүргенде, өзінің байланыстарын пайдаланып, ағасының ісін содзыруға және оны тергеуден босатуға ықпал еткені» туралы жазылған (Карин, 2022: 174).

Ағайынды Әділеветердің басында тұрған Байсейіт пен Дінмұхамедтің қоғамдық-саяси қызметі, жоғарыда атап өткендей Алаш қозғалысынан басталады. Байсейіт Ақмола облыстық қазақ съезіне қатысқан, Ақмола уездік Қазақ комитетінің мүшесі болған. Ақ гвардияшылар мен большевиктердің текетіресі кезінде жарлы-жақыбайлылар мен кедейлер жағына шығып, Ақмола уездік совдепінде Сәкен Сейфуллинмен бірге қызмет жасаған. Десек те, 1918 жылғы аласапыран кезінде Ақмола өңірі арқылы Семейге қарай бет алған алашордашылар М. Тынышпаев пен С. Ақаевты кездестіріп қалғанда, жылы амандасып, жөнін айтып, дұрыс жол сілтеп, еркіне қоя бергені С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында жақсы сипатталған (Сейфуллин, 1960: 182) Дәл осы жылы Байсейіт тұтқындалып, түрмеге жабылады. Сол кезде Ақмола өңіріне оба ауруы келіп, қырдан түрмеге келіп жүрген әкесі Әділ обадан қайтыс болады. Сондағы Байсейіттің сөзі: «Сәкен, менің әкем өліп қалды» деп ақырын жылап жіберіпті. Одан әрі қарай автор «менің де көзімнен жас шықты. Түрмеге келгелі тас болып қалған көңілден, қатып қалған көзден, кек қайнаған жүрек елжіреп жас шығарды» деп жазған (Сейфуллин, 1960: 261–232).

Байсейіт түрмеде отырған кезде туған-туыстары жәрдем сұрап «Алашордаға» телеграмма да жіберген. Енді қысылған шақта сол «Алашорда» отағасынан «жақсылыққа-жақсылық» сұрапты. Одан Байсейіт те едәуір үмітті болған. «Алашордаға» М. Тынышпаев пен С. Ақаевтан «Байсейітті босатсаңыз екен» деген телеграмма келген. Бірақ Байсейітті ешкім босатпайды (Сейфуллин, 1960: 223–224). Ал қамауда отырып, әкесінен айрылған Байсейіт амалын тауып түрмеден қашып шығады (Сейфуллин, 1960: 238).

Шым-шытырық осы оқиғалардың куәгері С. Сейфуллиннің 1918 ж. ақпан айында құрылған Ақмола совдепінің (жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының кеңесі) қазақ

секциясын басқарғаны, онда большевиктердің саясаты мен кеңестік билік мән-мағынасын түсіндіру жұмыстарымен айналысқаны белгілі. Бұған қоса кетерлігі, 1918 ж. 3 маусымда Ақмолада орын алған контрреволюциялық төңкеріс кезінде 200 адам ұсталған. Соның ішінде ақмолалық совдеп мүшелері де түгелдей дерлік болған. Олар 1919 жылдың қаңтар айында Петропавлға, әрі қарай атаман Анненковтың «азап вагонымен» Омбыға жөнелтіледі де, осы жылдың наурыз айында Омбы концлагеріне қамалады. С. Сейфуллин мен оның бірқатар серіктестері түрмеден қашып шығып, елге қайта оралады. Бұдан кейін С. Сейфуллин Ақмола уездік атқару комитетінде, сосын биліктің орталық органдарында жұмыс істейді. Ақмола уездік атқару комитетінде Ғалым Әбубәкіров (уездік аткомның коммуналды бөлімін басқарған), Байсейіт Әділев (уездік аткомның хатшысы болған) және т.б. адамдармен бірге қызмет жасайды. Олардың бәрі оқыған, білімді болған. Ғалым мен Байсейіт те Омбы қалалық училищесін бітірген. Ал, олар бірге қызмет еткен Ақмола уездік атқару комитеті бір мезгілде басқарудың уездік және қалалық органы саналған, яғни Ақмола уездік атқару комитеті өкімінің күші қала мен уезд аумағында қатар жүрген (Алпыспаева, 2019).

Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, Алаш зиялыларына жаппай тергеу басталған 1926 ж. Б. Әділев сот-тергеу ісіне тағы да тартылады. Ол 1927 жылы босатылады, бірақ оның әрбір қадамы бақылауға алынады. Сол жылдың күзінде Байсейіттің Қызылордадағы «исправдом»-нан қашуға дайындық жасап жүргені туралы әңгіме тарайды, соған байланысты бақылау бұрынғыдан да күшейтіліп, келесі жылы Байсейітті ұстау операциясы ұйымдастырылады. Өкінішке орай қақтығыс кезінде оған оқ тиіп, қаза болады. Шым-шытырық осы оқиғаларға қатысты кейбір құжаттарда Байсейіт Әділев операция кезінде «өзіне-өзі қол жұмсаған» деген мәліметтер де кездеседі (Жұртбай, 2016: 403). С. Сейфуллиннің сипаттауынша, Байсейіт күйгелек адам болған, әділетсіздікке шыдамай бетке айтып салады екен (Сейфуллин, 1960: 229). Мына операция кезінде де Байсейіт жергілікті кеңестік билік өкілдерінің қисынсыз іс-қимылдарына шыдамай, қарсыласып, мінез танытқан сияқты. Дегенмен, ел-жұрт ішінде беделді болады, жерлестері оны сүйіспеншілікпен «Ақ Байсейіт» деп атап кеткен (Қойшыбаев, 2019).

Архив құжаттарында Байсейіттің інісі Дінмұхамед туралы да көп айтылады. Ол да БКП (б) мүшесі болған, Түркістан Республикасында әртүрлі кеңестік қызметтерде жұмыс істеген. Алғашқы сот-тергеу ісіне тартылған Дінмұхамед 1925 жылы босатылады. Оның да әртүрлі қылмыстары үшін қозғалған ісі біраз уақыт қаралмапты. Ол 1925 жылы Қызылордада жұмыс істеп жүрген кезінде, өзінің қызметтік байланысын пайдаланып, ағасы Байсейіттің ісін біраз создырып, оның тергеуден босап шығуына ықпал етеді. Осы ретте айта кетейік, ағайындары тарапынан Дінмұхамед Әділевке жазылған хаттардың басым бөлігінде оның есімі Дінше, Мұқыш деп басталады. Тағы да қосарымыз, сот-тергеу істері қозғалған кезде ағайынды Әділевтердің ішінде Байсейіт пен Дінмұхамедтің отбасы болған. Байсейіттің Амангүл, Шариман, ал Діншенің Өзиза деген әйелі де «Ағайынды Әділевтер ісіне» тартылған. Үшеуі де күйеулерін жасырғандары үшін айыпталып, Сарысу ауданынан шықпау туралы қолхат жазған (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 305-іс, 375-п.) 1929 жылдың қаңтар айында күйеулерін жасырушылар ретінде олардан Сарысу ауданынан шықпау туралы қолхат алынған. Байсейіттің өлімінен кейін, 1929 жылдың күзінде оның қамқорлығынсыз қалған қызы Батиманың сот-тергеу процесі кезінде әкесінен тартып алынған 110 сом ақшасын қайтару туралы арыз-шағымы қанағаттандырылған (ҚР ҰҚК АМА. 9-қ., 1-т., 307-іс, 118-п.).

Осылайша Байсейіт, 1928 жылдың желтоқсан айында Сарысу ауданындағы жергілікті органның адамдарымен арадағы текетірес кезінде қаза болады. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, ағайынды Әділевтердің қалғандары ұсталып, әртүрлі жазаға тартылады. Содан болар қазіргі зерттеушілердің арасында, Байсейіттің де, Дінмұхамедтің де Омбыда білім алып, қоғамдық-саяси қызметтерін Ақмола өңірінде бастағанына қарамастан, әсіресе Дінмұхамедті Сарысуда туып, Мәскеуде атылған деп, жерлес ретінде көбірек дәріптейді (Ералыұлы: 2022, [www.arainfo.kz](http://www.arainfo.kz)). Әрине, кезінде Сарысу өзені жағалауына бекінген жағалбайлы Мыңжасар батырдан тараған ағайынды Әділевтердің Шу өңіріне қатыстылығын жоққа шығарудан аулақпыз. Бірақ Алаш қозғалысына белсене қатысқан Байсейіт пен Дінмұхамедтің қылмыстық іске үшінші мәрте тартылған 1928 жылға дейінгі қоғамдық-саяси қызметтері Ақмола өңірінің тарихымен сабақтас.

Сондықтан, осы тұлғалардың өмірі мен азаттық, тәуелсіздік жолындағы қызметінің кезеңдерін арнайы зерттеу қажет деп ойлаймыз. «Ағайынды Әділеветер ісі» қозғалған кезде, олардың тұрғылықты жері Сарысу ауданы болған. Сол себепі, Д. Әділеветің тергеушіге берген құжаттарында солай жазылған болуы керек. Ал, ағайынды Әділеветердің өсіп-өнген жері, білім ордасы, дүниетанымының қалыптасуы Ақмола өңірімен тығыз байланыста айтылады.

**Қорытынды.** Тұжырымдай келе, 1925 жылы басталған «Алаш ісі» бойынша тергеу процестері «Ағайынды Әділеветер ісімен» қатар жүргізілді. Соңғысы кеңестік-партиялық жүйеге қарсы Ақмола өңірінде пайда болған оппозициялық күштердің рулық негіздерін (жағалбайлы, тама, таракты және т.б.) зерттеуге жол ашады. Зерттеу барысында рулық топтардың да антикеңестік күресі анықталды. Сондай-ақ, аталған істерге қатысты тергеудегі жауаптар мен көрсетінділердің өзара сабақтастығы айқындалды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша құрылған алғашқы Мемлекеттік комиссиялардың жұмыстары нәтижесінде жарық көрген құжаттар мен материалдарға сүйенсек, «Алаш ісі» мен «Ағайынды Әділеветер ісі» бойынша 71 адам жауапқа тартылған. Кейінгі зерттеулер бойынша «Ағайынды Әділеветер ісіне» Алаш қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелерінен бастап, бас-аяғы 90 адам тартылғаны айқындалды. 1928–1930 жылдары бұл «Ағайынды Әділеветер ісіне» қатысты тергеу процестері Сырдария округінде (Шымкент, Қызылорда) жалғасты. Өйткені, Байсейіт пен Дінмұхамед Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі құрылған кезде Алашқа қалтқысыз қызмет еткен. Әсіресе, Дінмұхамед Алашорданың бағытын ұстанды. Тіпті, ұлттық саяси интеллигенцияның Орынбор орталығы мен Орта Азия орталығында қатар қызмет етті. Жас та болса азаттық жолындағы күрестің басы-қасында жүрді. Бұдан шығатын қорытынды «Алаш ісі» мен «Ағайынды Әділеветер ісі» өзара сабақтас, бір-бірімен байланысты болған. Оған Алаш зиялыларының жауаптары мен көрсетінділері дәлел. Екіншіден, 1920-1930 жж. саяси науқандар және халық наразылықтары, қазақ руларының мәжбүрлі көшуі салдарынан ішкі миграция қарқын алды. Мұның бәрі халықтар географиясына түбегейлі өзгерістер әкелді. Сол себепті, осы кезеңдегі Ақмола облысының әкімшілік-территориялық бөлінісі мен ондағы аймақтық өзгерістер қайта қаралып, өңірдің аймақтық-географиялық картасы жасалса, жоғарыда аталған шекаралық аудандарда әрекет еткен саяси ұйымдар мен жекелеген адамдардың бірлескен топтарының таралу ошақтары анықталып, айқындалады.

Сөз соңында айтарымыз, 1929 жылғы «Ағайынды Әділеветер ісі» бүгінге дейін құпиясыздандырылмағандықтан, арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Ағайынды Әділеветердің Байсейіттен басқасы, РКФСР Қылмыстық кодесінің 58-бабының 10 (антикеңестік үгіт-насихат) және 11 (ұйымдасқан контрреволюциялық әрекет) тармақтарымен айыпталып, сотталған. Қолда бар материалдар бойынша анықталды: Байсейіт (1887-1928), Дінмұхамед (1900-1930), Әбубәкір (1882-?), Әбуәли (1890-?), Асқар (1905-1970), Жолдасбай (?). Осылардың ішінде 1930 ж. 4 сәуірінде атылған Дінмұхамед Әділев 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен ақталған. Мәскеудегі Ваганьков қорымына жерленген. 1887 жылғы Байсейіт Әділеветің сүйегі 1928 ж. атылған жерінде жатыр (қазіргі Жамбыл облысы Сарысу ауданы). 1905 жылғы Асқар Мыңжасаров (Әділев) Қарағанды облысында жерленген болуы керек. Жалпы алғанда, тоталитарлық жүйенің тауқыметті қасіретін тартқан ағайынды Әділеветердің кейінгі тағдыры терең зерттеуді қажет етеді. Ағайынды Әділеветердің азаттық жолындағы антикеңестік күресі мен талайлы тағдырына қатысты құнды мәліметтер «Алаш ісіне» тартылған қазақ зиялыларының тергеу процестері кезінде рәсімделген хаттамаларға негізделеді.

#### **Information about authors:**

**Pyassova Kulpash Murzamuratovna** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Nursultan, Kazakhstan. E-mail: [kulpash\\_66@mail.ru](mailto:kulpash_66@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6439-5983>.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920–1928 жж. Т.3. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007.– 304 б.



Алпыспаева Г.А. Сакен Сейфуллин: тернистый путь от лидера регионального уровня к лидеру национального масштаба. <https://old.kazatu.edu.kz/ru/rabota-s-molodejyu/125-let-sakenu-seyfullinu/saken-seyfullin-ternistiy-put-ot-lidera-regionalnogo-urovnya-k-lideru-nacionalnogo-masshtaba/> [Есепке алынған күні: 15.12.2022].

Астана қаласы Мемлекеттік архиві. 122-қ., Акмолинский окружной комитет Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков). 1-т., 36-іс.

Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В три томах. Т.1. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – 2016. – 424 с.

Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В три томах. Т.2. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – 2016. – 400 с.

Жұртбай Т. Бір тергеудің тарихы. /Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы. – Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2005. – 256 б.

Естеліктегі Алаш: Әдеби-танымдық басылым. / Құраст.С.Б. Жұмағұл. 1-басылым. – Қарағанды, ЖШС «TENGR Ltd», 2018. – 676 б.

Исахан Ғ. Тарихи әділдікті қалпына келтіруде. /Астана ақшамы. № 140 (4264). 27.11.2021.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Р-1215-қ. Центральная комиссия по ликвидации последствий голода при ЦИК КазАССР. 1-т., 19-іс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы мемлекеттік архиві. 9-қор. Материалы касающейся истории Алашорды 1-тізім, 305-іс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы мемлекеттік архиві. 9-қор. Документы по Алашорде. 1929 год. 1-тізім, 307 – іс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы мемлекеттік архиві. 9-қор. Сводки по конфискации баев по округам Казахстана за 1928 год. 1-тізім, 451-іс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы мемлекеттік архиві. 9-қор. Сводки по конфискации баев по округам Казахстана за 1928 год. Сводка № 5 (внеочередная) О настроении и деятельности байства в связи с конфискацией. По состоянию на 19.09.1928 г. 1-тізім, 451-іс.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 4-том. Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – Желтоқсан 1919 ж. Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – Декабрь 1919 г. Т.4. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. – 252 б.

Қойгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

Қойшыбаев Б. Ағайынды Әділөвтер тағдыры. <https://abai.kz/post/48620> [Есепке алынған күні: 20.03.2021].

Қойшыбаев Б. Ақ Байсейіт. <https://abai.kz/post/99410>. [Есепке алынған күні: 15.12.2022].

Ералыұлы М. Әулиеаталықтар Әділұлын біле ме? немесе Сарысуда туып, Мәскеуде өлген Дінше кім? (Бейбіт Қойшыбаевпен сұхбат) //www.arainfo.kz/ [Есепке алынған күні: 12.02.2022].

Материалы Государственный комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т.1. /Пол общ.ред. Е.Т. Карина. – Нур-Султан, 2022. – 622 с.

Мұсағалиева А. Алаш зиялыларының қудалануы (1925-1933 жж.)/Алаш және Алашорда тарихы – мұрағат құжаттарында. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (Астана қаласы, 2012 жылғы 21 қараша) – Астана, 2013. –200 бет.

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.

Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2017. –728 б.

Сейфуллин Сәкен (Садуақас). Тар жол, тайғақ кешу. Үшінші рет басылуы.– Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 482 б.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві. 1-қор. Акмолинский губернский комитет ВКП(б). 1-тізім, 373-іс.

Стенограмма. Протокол допроса Болғанбаева Хайретдина Абдрахмановича. 12 января 1929 года. / Красный террор: Политическая история Казахстана (Сборник документальных материалов

политических репрессий 20–50-х годов XX века). /Составители: Койгелдиев М.К., Полулях В.И., Тлеубаев Ш.Б. – Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. – 307 с.

Статья 58: Измена Родине. <https://bolashaq.edu.kz/novosti/statja-58-izmena-rodine/> [Есепке алынған күні: 15.12.2022].

#### REFERENCES:

Alash qozǵalysy. Qujattar men materialdar jınaǵy. Sáýir 1920–1928 jj. [Alash movement. Collection of documents and materials]. Т. 3. – Алматы: "El-shejire", 2007. – 304 p. [in Kazakh].

Alpyspaeva G.A. Saken Seifullin: ternistiy put ot lidera regionalnogo urovnia k lideru nacionalnogo masshtaba. [Alpyspaeva G.A. Saken Seifullin: the thorny path from the leader of the regional level to the leader of the national scale]. <https://old.kazatu.edu.kz/ru/rabota-s-molodejyu/125-let-sakenu-seyfullinu/saken-seyfullin-ternistiy-put-ot-lidera-regionalnogo-urovnya-k-lideru-nacionalnogo-masshtaba/> [Есепке алынған күні: 15.12.2022]. [in Russian].

Astana qalasy Memlekettik arhivi. Akmolinskıy okrýjnoı komitet Vsesoyúznoı Kommýnisticheskoı partıı (bolshevikov). [Akmola District Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks)]. 32-qor, 3-tizim, 23-is.

Dvijenie Alash: Sbornik materialov sýdebnıykh prosesov nad alashevsamı. V tri tomah. T.2. [The Alash movement: A collection of materials of the trials of Alash residents. Vol.1].– Алматы: OF "Degdar", 2016.– 2016. – 424 p. [in Russian].

Dvijenie Alash: Sbornik materialov sýdebnıykh prosesov nad alashevsamı. V tri tomah. T.2. [The Alash movement: A collection of materials of the trials of Alash residents. Vol.2]. – Алматы: OF "Degdar", 2016. – 400 p. [in Russian].

Jurtbai T. Bir tergeydiń tarihy /Bolǵanbaev H. Shyǵarmalary. Taǵylymy. [History of one investigation].– Astana: "Parasat Álemi" baspasy, 2005. – 256 p. [in Kazakh].

Esteliktegi Alash: Ádebi-tanymdyq basylym. / Qurast.S.B.Jumaǵul. 1-basylym. [Alash in Memory].– Qaraǵandy, JSHS "TENGRİ Ltd", 2018. – 676 p. [in Kazakh].

Isahan Ğ. Tarihi ádildikti qalpyna keltirýde. [In restoring historical justice]. Astana aqshamy. № 140 (4264). 27.11.2021. [in Kazakh].

Qazaqstan Respyblıkasy Ortalyq memlekettik arhivi. R-1215-qor. Tsentralnaıa komissıa po likvidatsıı posledstviı goloda pri TsIKKazASSR. [The Central Commission for the Elimination of the Consequences of Famine under the Central Executive Committee of the Kazakh ASSR]. 1-tizim, 19-is.

8. Qazaqstan Respyblıkasy Ulttyq qaýıpsızdik komiteti arnayı memlekettik arhivi. 9-qor. Materialy kasaıyısıa istorıı Alashordy. [Materials concerning the history of the Alash Orde].1-tizim. 305-is.

Qazaqstan Respyblıkasy Ulttyq qaýıpsızdik komiteti arnayı memlekettik arhivi. 9-qor. Dokýmenty po Alashorde. [Documents on Alash Orde. 1929.]. 1929 god. 1-tizim, 307-is.

Qazaqstan Respyblıkasy Ulttyq qaýıpsızdik komiteti arnayı memlekettik arhivi. 9-qor. Svodkı po konfiskasıı baev po okrýgam Kazahstana za 1928 god. [Reports on the confiscation of bais by districts of Kazakhstan for 1928.]. 1-tizim, 451-is.

Qazaqstan Respyblıkasy Ulttyq qaýıpsızdik komiteti arnayı memlekettik arhivi. 9-qor Svodkı po konfiskasıı baev po okrýgam Kazahstana za 1928 god. Svodka № 5 (vneocherednaıa) O nastroenu ı deiatelnosti baıstva v svázi s konfiskasıeı. Po sostoıanıı na 19.09.1928 g. [Reports on the confiscation of bais by districts of Kazakhstan for 1928. Summary No. 5 (extraordinary) About the mood and activity of the baity in connection with the confiscation. As of 09/19/1928].1-tizim. 451-is.

Qazaq ult-azattyq qozǵalysy. Алматы: "El-shejire", 2007. – 4-tom: Qazaq siezeri. Qujattar men materialdar jınaǵy. Sáýir 1917 j. – Jeltoqsan 1919 j. Kazahskie siezy. Sbornik dokýmentov ı materialov. April 1917 g. – Dekabr 1919 g. [Kazakh congresses. Collection of documents and materials. April 1917 – December 1919 Vol. 4.]. – T.4. – 252 p.

Qoıgeldiev M.K. Stalinizm ı repressıı v Kazahstane 1920–1940-h godov. [Stalinism and repression in Kazakhstan in the 1920s and 1940s]. – Алматы, 2009. – 448 p. [in Russian].

Qoıgeldiev M. Alash qozǵalysy: Monografiya. Ekinshi kitap. [The movement of Alash: a monograph. The second book].– Алматы: Mektep, 2017. – 656 p. (390-391 pp.) [in Kazakh].

Qoishybaev B. Aǵaıyndy Ádilevter taǵdyry. [The fate of the Adilev brothers]. <https://abai.kz/post/48620> [Esepke alyńǵan kúni: 20.03.2021]. [in Kazakh].

Qoishybaev B. Aq Baiseit [White Bayseit]. <https://abai.kz/post/99410>. [Esepke alyńǵan kúni: 15.12.2022]. [in Kazakh].

Eralyuly M. Áylieatalyqtar Ádilulyn bile me? nemese Sarysýda týyp, Máskeyde ólgen Dinshe kim? (Beibit Qoishybaevpen suhbat). [Do you know Aulieatians Adilovich? or who was born in serum and died in Moscow? (Interview with Beibit Koishybayev)]. //www.arainfo.kz/ [Esepke alyńǵan kúni: 12.02.2022]. [in Kazakh].

Materialy Gosýdarstvennoi komıssıı po polnoi reabilitatsıı jertv politicheskıh repressıı (20-50 gody XX veka). T. 1. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 1.]. /Pod ob.red. E.T.Karina. – Nýr-Sýltan, 2022. – 622 p. [in Russian].

Musaǵalieva A. Alash zıalyларыnyń qýdalanýy (1925-1933 jj.). Alash jáne Alashorda tarihy – muraǵat qujattarynda. [Persecution of the Alash intelligentsia (1925-1933.). History of Alash and Alashorda-in archival documents]. Halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konferensıanyń materialdary (Astana qalasy, 2012 jylǵy 21 qarasha) – Astana, 2013. – 200 p. [in Kazakh].

Nurpeisov.K. Alash hám Alashorda. [Alash and Alash Orda]. – Almaty: "Atatek", 1995. – 256 p. [in Kazakh].

Seidimbek A. Qazaqtyń aýyzsha tarihy: zertteý. [Oral history of the Kazakh: a study]. – Astana; Foliant, 2017. – 728 p. [in Kazakh].

Seifýllin Sáken (Sadýaqas). Tar jol taǵaq keshý. Úshinshi ret basylýy. [A narrow road, slippery. Third edition]. – Almaty: Qazaqtyń memlekettik kórkem ádebiet baspasy, 1960. – 482 p. [in Kazakh].

Soltústik Qazaqstan memlekettik arhivi. 1-qor. Akmolınskıı gýbernskıı komitet VKP(b). [Akmola Provincial Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks)]. 1-tizim, 373-is.

Stenogramma. Protokol doprosa Bolganbaeva Hairetdına Abdrahmanovicha yanvará 1929 goda. // Krasnyi terror: Politicheskaiia istoria Kazahstana (Sbornik dokýmentalnyh materialov politicheskıh repressıı 20-50-h godov XX veka). [Transcript. The protocol of the interrogation of Bolganbayev Khayretdin Abdrahmanovich. January 12, 1929. / Red Terror: Political History of Kazakhstan (Collection of documentary materials of political repressions of the 20-50s of the twentieth century)]. /Sostaviteli: Koıgeldiev M.K., Polýláh V.I., Tleybaev Sh.B. – Almaty: TOO "Tipografia operativnoi pechatı", 2008. – 307 p. [in Russian].

Statia 58: Izmena Rodine. [Article 58: Treason to the Motherland.]. <https://bolashaq.edu.kz/novosti/statja-58-izmena-rodine/> [Esepke alyńǵan kúni: 15.12.2022]. [in Russian].

## МАЗМҰНЫ

### ӘДІСНАМАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

**А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов**  
 ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ МҰҚАБАСЫ  
 КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ.....4

**О.Х. Мұхатова**  
 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ІСІ МЕНГЕРУШІСІ ҚОРЫНЫҢ (№ 19)  
 ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....15

### ТАРИХ

**Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадилов, А.Б. Бақытжанова**  
 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУҚАТТЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫН  
 ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....26

**Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т. Жұбанышов, Е.Қ. Серікбаев**  
 МӨДЕ ШАНЬОЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН РЕФОРМАЛАРЫ.....44

**К.М. Ильясова**  
 ТЕРГЕУ ПРОЦЕСТЕРІ:  
 «АЛАШ ІСІ» МЕН «АҒАЙЫНДЫ ӘДІЛЕВТЕР ІСІНІҢ» САБАҚТАСТЫҒЫ.....57

**С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков**  
 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ  
 АУЫЛ ХАЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....73

**Г.Б. Нарымбет, Ә.К. Шашаев, Д.Б. Жақаш**  
 ЕДІГЕ ЖЫРЫНДАҒЫ ТОҚТАМЫШ ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ.....84

**А.Е. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев**  
 ЖӘДІЛЕРДІҢ МЕРЗІМДІ БАСҚАРУЛАРЫ  
 ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ.....95

**З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина**  
 1980-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА  
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ  
 ТУРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....112

**М.Р. Сәтенова**  
 КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗ  
 АУМАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ САЯСАТЫ.....123

**Ш.Б. Тілеубаев**  
 АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ  
 БЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ ЖӨНІНДЕ.....134

**Е.Е. Хайдаров**  
 ОРАЛ ОКРУГІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1929 ЖЫЛ)  
 (Жымпиты, Зауральный, Камен аудандары материалдары негізінде).....145

**М.А. Шашаева, М.М. Қозыбаева**

ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....160

### **АНТРОПОЛОГИЯ**

**А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев**

ҚОЙБОТА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

(Алдын ала қорытындылар).....171

**Р.С. Мусаева**

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚИМА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ:

ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....187

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

**А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов**  
ОБЛОЖКА КАЗАХСКОГО ДЕТСКОГО ЖУРНАЛА «БАЛДЫРГАН»  
КАК ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОГО ОБЩЕСТВА.....4

**О.Х. Мухатова**  
ПРОБЛЕМА КЛАССИФИКАЦИИ ДОКУМЕНТОВ ФОНДА ЗАВЕДУЮЩЕГО  
ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДЕЛА СЕМИРЕЧЕНСКОГО РАЙОНА.....15

### ИСТОРИЯ

**Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадиров, А.Б. Бақытжанова**  
КОНФИСКАЦИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ  
В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ.....26

**Б.Ж. Джурсунбаев, Б.Т. Жубанышов, Е.К. Серикбаев**  
МОДЭ ШАНЬЮЙ И ЕГО РЕФОРМЫ.....44

**К.М. Ильясова**  
СЛЕДСТВЕННЫЕ ПРОЦЕССЫ: ВЗАИМОСВЯЗЬ СУДЕБНЫХ ДЕЛ  
«АЛАШСКОЕ ДЕЛО» И «ДЕЛО БРАТЬЕВ АДИЛЕВЫХ».....57

**С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков**  
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА  
В ОТНОШЕНИИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В 1920-1930-е ГОДЫ.....73

**Г.Б. Нарымбет, А.К. Шашаев, Д.Б. Жакаш**  
ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ ХАНА ТОХТАМЫША В ПОЭМЕ “ЕДИГЕ” .....84

**А.Э. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев**  
ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ ДЖАДИДОВ И ИХ РОЛЬ  
В ОБЩЕСТВЕННО-КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КЫРГЫЗСТАНА.....95

**З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина**  
ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ  
В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1980-Х ГГ.....112

**М.Р. Сатенова**  
ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ ОТРЯДОВ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА  
НА ТЕРРИТОРИИ СТАРШЕГО ЖУЗА И ПОЛИТИКА РОССИИ.....123

**Ш.Б. Тлеубаев**  
О ЖЕТЫСУСКОМ ДЕЯТЕЛЕ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ ИБРАИМ ЖАЙНАКОВЕ.....134

**Е.Е. Хайдаров**  
НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В УРАЛЬСКОМ ОКРУГЕ (1929 г.)  
(на основе материалов Жымпитынского, Заурального, Каменского районов).....145

**М.А. Шашаева, М.М. Козыбаева**

ПРОБЛЕМА «ЖЕНСКОГО РАВЕНСТВА» В КАЗАХСКОЙ ПЕЧАТИ В XIX-XX ВЕКАХ.....160

### **АНТРОПОЛОГИЯ**

**А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев**

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ГОРОДИЩЕ КОЙБОТА

(Предварительные итоги).....171

**Р.С. Мусаева**

ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ СРУБНОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА:

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ И КРАТКИЕ ВЫВОДЫ.....187

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

- A. Bimoldanova, M. Bekmagambetova, R. Bekmagambetov**  
COVER OF THE KAZAKH CHILDREN'S MAGAZINE "BALDYRGAN"  
AS A REFLECTION OF GENDER STEREOTYPES IN SOVIET SOCIETY.....4
- O. Mukhatova O.**  
THE PROBLEM OF CLASSIFYING FUND DOCUMENTS  
OF THE HEAD OF COLONIZATION AFFAIR IN SEMIRECHENSK AREA.....15

### HISTORY

- K. Baysarina, B. Tokeshkadyrov, A. Bakytzhanova**  
FARM CONFISCATION IN EASTERN KAZAKHSTAN  
AND ITS HISTORICAL CONSEQUENCES.....26
- B. Dzhursunbayev, B. Zhubanyshov, E.K. Serikbaev**  
MODE SHANYU AND HIS REFORMS.....44
- K.M. Iyassova**  
INVESTIGATORY PROCESSES: THE RELATIONSHIP OF "THE ALASH CASE"  
AND "THE CASE OF THE ADILEV BROTHERS".....57
- S.S. Ismailov, U.T. Akhmetova, D.S. Bekov**  
THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET STATE TOWARDS  
THE RURAL POPULATION IN THE 1920s AND 1930s.....73
- G. Narymbet, A. Shashaev, D. Zhakash**  
THE HISTORICAL PERSONALITY OF KHAN TOKHTAMYSH IN THE POEM "EDIGE".....84
- B. Kubatova, Zh. Baydildeev**  
PERIODICALS OF THE JADIDS AND THEIR ROLE IN SOCIAL  
AND CULTURAL LIFE OF KYRGYZSTAN.....95
- Z. Saktaganova, G. Baigozhina**  
PRACTICAL IMPLEMENTATION OF THE LANGUAGE POLICY  
IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1980-S.....112
- M.R. Satenova**  
MILITARY ACTIONS OF KENESSARY KASSYMOV'S DETACHMENTS  
ON THE TERRITORY OF THE SENIOR ZHUZ AND THE POLICY OF RUSSIA.....123
- Sh.B. Tleubayev**  
ABOUT THE ZHETYSU LEADER OF THE ALASH MOVEMENT IBRAIM ZHAINAKOV.....134
- E.E. Khaidarov**  
POPULAR UPRISINGS IN THE URAL DISTRICT (1929)  
(Based on materials from Zhymпитынский, Zaurалны, Kamensky districts).....145



**M. Shashayeva, M. Kozybayeva**

THE PROBLEM OF "WOMEN'S EQUALITY"

IN THE KAZAKH PRESS IN THE XIX-XX CENTURIES.....160

#### ANTHROPOLOGY

**A.A. Ergeshbayev, A.K. Shaiakhmetov, A.B. Baitanayeva, Y.B. Baitanayev**

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE KOYBOTA SITE (Preliminary results).....171

**R. Mussayeva**

FUNERARY MONUMENTS OF THE TIMBER-GRAVE CULTURE

OF WESTERN KAZAKHSTAN: THE HISTORY OF STUDY AND BRIEF CONCLUSIONS.....187

**Компьютерде беттеген**  
Зикирбаева В.С.

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050010, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Шевченко көш., 28,  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы  
Телефон: +7 (727) 261-67-19  
**E-mail:** edu.history@bk.ru  
**Электрондық мекен-жайы:** [www.edu.e-history.kz](http://www.edu.e-history.kz)

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.